ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОКУРАТУРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 4 қаңтардағы **№ 4**

Астана қаласы

город Астана

Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 69-бабының 3-бөлігіне сәйкес, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабының 22) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. «Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 70 бұйрығының күші жойылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22768 болып тіркелді).

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі-Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 12.01.2023.

3) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры **Б. Асылов**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 11.01.2023
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 31679 болып енгізілді

Результаты согласования
Генеральная прокуратура РК - начальник Департамента координации нормотворческой деятельности ГП РК Алмаз Оралович Мухаметжанов, 13.12.2022 16:28:32, положительный результат проверки ЭЦП
Министерство юстиции РК - И.о. министра юстиции Республики Казахстан Алма Кайратовна Муканова, 15.12.2022 15:41:32, положительный результат проверки ЭЦП
Результаты подписания
ҚР Бас прокуратурасы - Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры Б. Асылов, 04.01.2023 15:46:06, положительный результат проверки ЭЦП